

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің "Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 890 Қаулысы
«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы
1 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО)» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және осы қаулының қосымшасына сәйкес оның мемлекеттік еншілес кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – кәсіпорын) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2 . **М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті **о р г а н** ;

2) кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мемлекеттік жер кадастрын жүргізу болып **а й қ ы н д а л с ы н** .

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізісін;

2) кәсіпорынның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін **қ а м т а м а с ы з** етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін **ө з г е р і с т е р** бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 0

м а у с ы м д а ғ ы

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО)» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік еншілес кәсіпорындарының тізбесі

1. «Ақмола мемлекеттік жерге орналастыру жөніндегі институты» жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МЕМЖЕРҒЫЛӨНОРТАЛЫҒЫ) РМК еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

2. «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми өндірістік орталығының» (АлматықалҒӨОжер) Алматы қаласы бойынша шаруашылық жүргізу құқығына негізделген жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

3. «Жер ресурстарын және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының Атырау еншілес мемлекеттік кәсіпорыны».

4. «Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы Батыс Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорны».

5. «Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару Агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығына негізделген Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Жамбыл еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒЫЛӨНОРТАЛЫҒЫ)» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы Қостанай еншілес мемлекеттік кәсіпорны (Қостанай жер ғыл өн орталығы).

7. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒЫЛӨНОРТАЛЫҒЫ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Оңтүстік Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорны (ОҚ ж е р ғ ы л ө н о р т а л ы ғ ы Е М К).

8. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒЫЛӨНОРТАЛЫҒЫ)» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шаруашылық жүргізу құқығындағы Қарағанды еншілес мемлекеттік кәсіпорыны (

Қарағанды жер ғылымы орталығы).

9. Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігі Мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының Солтүстік Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

10. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы / Мемжерғылымы орталығы/» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар Жер ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны / Павлодар жер ғылымы орталығы /.

11. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы Маңғыстау еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

12. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының (Мемжерғылымы орталығы) Қызылорда еншілес шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны.

13. «Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (Мемжерғылымы орталығы) Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы Алматы еншілес мемлекеттік кәсіпорны» (Алматы жер ғылымы орталығы).

14. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстарын және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (Мемжерғылымы орталығы)» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы Астана қала ҒӨО жер еншілес мемлекеттік кәсіпорны (Астана қала ҒӨО жер).

15. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының («Мемжер ҒӨО» РМК) шаруашылық жүргізу құқығындағы Ақтөбе еншілес мемлекеттік кәсіпорны («Ақтөбе жер ҒӨО» ЕМК).

16. Мемжерғылымы орталығының шаруашылық жүргізу құқығындағы Шығыс Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

17. «Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы қаласындағы «Садпроект» бау-бақшалар мен жүзім бақтарын жобалау бойынша мамандандырылған еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

18. Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттігінің жер ресурстары және жерге орналастыру Мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы «Мемжерғылөнорталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорны Кешенді іздестіру бөлімінің (ЕМК Мемжерғылөнорталығы КІБ).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0 м а у с ы м д а ғ ы
№ 8 9 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.
3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.